

# Тақырыбы:

Жаңа технологияны пайдалана отырып, жүннен сылтықтық бұйымдар жасау.

# *Сабақтың мақсаты:*

- еңбек техникасында әшекейлеудің түрлерімен
- Оқушыларды халық қолөнерінің шығу тарихымен, таныстыру.
- Жаңа технологияны пайдалана отырып, теорияны сарамандық жұмыспен байланыстырып, жүннен сыйлықтық бұйымдар жасау.

# Сабақтың барысы:

- Ұйымдастыру кезеңі
- Өткенді қайталау
- Кіріспе бөлім
- Жаңа сабақты түсіндіру
- Сарамандық жұмыс
- Қорытынды
- Оқушыларды бағалау
- Үйге тапсырма
- Жұмыс орнын жинау

# . Өткенді қайталау:

*1. Жыл мезгілдеріне байланысты төрт түлік малдан алынатын жүн түрлерін айтайық ?*

*2. Тағы қандай түліктердің жүнін пайдаланамыз ?*

*3. Қандай жүндерден киіз басады ?*



4. Қойды не үшін тоғытамыз ?
5. Қандай жүндерді иіреміз ?
6. Түйенің жаңадан шыққан жүнін не деп атаймыз ?
7. Арқан жіп, ноқта , тұсау бұйымдарын қандай жіптен есеміз ?
8. Жүн қазанға не үшін жабысып қалады ?




# Кіріспе бөлім:

- “Өнерден қуат алмаса тіршіліктің шырағы өшеді” деп М. Әуезов айтқандай өсіп келе жатқан ұрпағымызға өз халқыңның өнерін бойына сіңіріп өсіру кезек күттірмейтін мәселе.




**Қол өнер  
ұрпақтан-ұрпаққа  
ауысып, тамырын  
тереңге жайып  
келе жатқан  
халық мұрасы.  
Осынау халық  
қазынасын  
қастерлеу , көзі  
ашық көкірегі ояу  
ар-намысты  
ұлтжанды әрбір  
адамның  
бөрышы.**




# “Ел іші алтын бесік”

деген аталы сөздің  
ақиқатын  
көзімен көріп,  
халық шеберлерінің  
жасаған ғажайып  
ою-өрнекті  
бұйымдарын қолмен  
ұстаған да  
іздегенімізді  
тапқандай болдым.




Бесік орын.



Бесік тоссақ.




Сырмақ.





# Зерттеу бөлім:




Көшпелі қазақ болғандықтан да мал бағумен айналысып, ата-бабаларымыз қол өнер бұйымдарын жасауды мал терісінен, жүннен шикізат ретінде пайдаланған.





- Ғылым мен білім әлі өркен жая қоймаған қазақ жерінде сонау XVIII –XIX ғасырларда –ақ қол өнері ұлттық дәстүр ала бастағаны халқымыздың өнер тарихынан аян.

**Аналарымыз бен  
апаларамыздың  
ақыл парасатынан  
ісмерлігінен ,  
көркемдік  
талғамдарынан  
көздің жауын  
алардай құнды  
ұлттық өнер  
туындылары өмірге  
келген.**



**Сол асыл қазыналардан көненің  
көзіндей болып, дәуірімізге жеткен  
мұраларымыздың бірі –  
ұлтымыздың дәстүрлі қолөнер  
мәдениеті.**




**Қазақ даласына жібек,  
қамқа, торғын –  
торқа, шай, қант керуендер  
арқылы әкелінді.**

**Алайда, қазақ халқы  
шапқыншылық өтінде сан рет  
«ақтабан шұбырынды, алқа көл  
сұлама» болып, қалалары  
ойрандалып,  
ғасырлар бойы көшпенді  
және жартылай көшпенді тұрмысын  
қайталап отырды.**

**Қазақ қолөнерінің туындауына,  
дамуына осы тұрмыс дағдысы  
тікелей ықпал етті.**

**Ол қоғамдық өндіріспен қатар дамыды. Алғашқы кезде қолөнеріне үй кәсібі негіз болды. Қолөнершілер қолөнер өнімдерін өз тұрмысының қажетін қамтудан, бірте-бірте малға, затқа айырбастап, оны кәсіп түріне айналдырды. Тапсырыс жасаушылар қолөнер бұйымдарының ақысын мал немесе басқадай заттармен берді.**






Қолөнердің дамуына байланысты қолөнер өнімдері молайды. Тапсырыс бойынша өндірілді. Базар сұранысы да ескеріліп отырылды. Халқымыз көшпенді және жартылай көшпенді тұрмыстың мүддесі үшін сан-салалы шаруашылықпен шұғылданды. Мәселен: малшылық, егіншілік, аңшылық, балық аулау бағбаншылық, қолөнершілік, құрылыс салу тасшылық. Жанама кәсіптер: алтын қазу тас қазу кіре тарту ағаш кесу диірмен ұстау құс бағу сияқты сан алуан кәсіп түрлерімен шұғылданды. Міне, осыған қажетті барлық сайман-жабдықтарды, құралдарды қолдан жасап, өндіріп пайдаланды.

Айталық, жүннен иірілген жіп — жылу ұстағыштығымен, күннің көзін өткізбейтіндігімен бояу алғыштығымен жоғары бағаланған. Жүннен тоқылған киім қыртыстанбайды әрі жеңіл келеді. Сондай-ақ киіз үйдің жабдықтары, ішкі әшекейлері түгелдей дерлік жүннен жасалған ғой.





Сондай-ақ киіз үйдің жабдықтары, ішкі әшекейлері түгелдей дерлік жүннен жасалған ғой.



27-сурет. Киіз басу (білектену)

Асқар тау, таза ауалы, сыңсыған орманды, суы шәрбат, топырағы торқа, қойны құт-қазыналы, ұлан-ғайыр өңірді өріс-қоныс етіп, табиғаттың дарқандығын да, тарпаңдығын да басынан кешіріп, талай-талай тарихи кезеңді өткерген ата-бабаларымыз адамзат қоғамының салқар көшінде өзінің шаруашылық негізіне, тұрмыс тәсіліне, ұлттық ерекшелігіне қарай дара ұлттық дәстүрін, салт-санасын қалыптастырып, оны ұрпақтан-ұрпаққа жалғап, аса бағалы заттық мәдениеті мен рухани мәдениетін сақтап қалды. Бұл адамзат мәдениетінің құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады.

# Жаңа сабақ .

- Жүнді сақтау .

Жуылмаған жүн шектен тыс ылғалданғыш сондықтан микроорганизмдердің көбеюіне қолайлы орта. Жүнді ұзақ мерзім сақтайтын болса, қапқа, фанер жәшікке, қағаз қаптарға нығыздап салып, “Дезмоль”, “Антимоль”, “Фоксид” препараттарын салып сақтайды. Жүн сақтайтын бөлменің есік терезесін ашып, міндетті түрде желдетіп тұру керек. Жүнді ашық күн астында сақтауға болмайды.

# Жүннің қасиеттері:

- 1. Жүн жылуды жақсы сақтайды. Сондықтан одан тоқылған киім жылы келеді.
- 2. Жіңішкелігі мен көлемі бірдей басқа талшыққа қарағанда жүн салмағы жеңіл.
- 3. Күн көзінің ультракүлгін сәулесін өткізетін ерекшелігі бар.
- 4. Жүн талшығы иілгіш , созылғыш, серпінді келеді.
- 5. Бояуды жақсы алады.
- 6. Жүннің шуды және тербелістерді төмендететін қасиеті бар.
- 7. Биязы жүннің ылғал тартқызығыштығы қылшық жүннен артық.





- Жүн дегеніміз – жан –жануарлардың үстіндегі түгі, қылшығы екені баршаға аян.Жүннен жасалатын бұйымдар:

Айшық түсті текеметтер, қара  
ала сырмақтар, қызылды –жасыл  
түскиіздер





Алқызыл  
гүлдері  
құлпырған  
түкті кілемдер








۞۞۞  
Hacımu

- Терме алашалар





- Сандыққап ,асадал,аяқ-қап, кесе қап,шекпен, киім-кешектер о баста , сөз жоқ, тұрмыстық қажеттіліктен туған.













Оқушыларды екі ауылға бөлеміз.

1. “Іскер” ауылы

2. “Шебер” ауылы

“Іскер” ауыл қыздары моншақ  
жасайды.

“Шебер” ауыл қыздары өңір таққыш  
жасайды.

# «Іскер» тобы сәнді моншақ жасайды.



# Моншақ жасау жолдары



# «Шебер» тобы өңір таққыш (брошка)

1. Жүнді мата бетіне  
бір келкі етіп тегістеп  
жаю

2. Ыстық су  
себу,  
сабындау

3. Сағат тіліне  
қарсы бағытта  
қолды  
орамалап  
ысқылау

4. Дайын  
бұйымды  
шетін қиып  
ретке келтіру

**Өңір таққыш  
жасау**


5. Дайын  
үлгін  
дайындалған  
жүннің бетіне  
қойып

6. Қиылған гүл  
күлтелерін  
бір біріне тігу

7. Гүл  
жапырақшалар  
ын  
дайындау

8. Дайын  
гүлдерді  
сымға тігіп  
өңірге  
жапсырмалау

# Өңір таққыш жасау жолдары





# Жұмысқа кіріспес бұрын қауіпсіздік ережелерін ескерейік.

- а) ыстық сумен жұмыс істегенде құлаштай сеппей төменірек еңкейіп қолға құйып алмауын ескереміз.
- ә) инемен жұмыс , инені белгілі қапшыққа немесе ине түйрегішке сақтау керек.
- б) қолды үнемі жуып отыруымыз керек.
- в) қайшымен жұмыс, қайшыны ашып тастамаймыз, бір-бірімізге бергенде жүзін жауып, сабымен береміз. Жұмыс кезінде қайшы әр уақытта оң жағымызда жату керек.

# Сарамандық жұмыс.

Таратылған жұмыс реті  
бойынша сендер жұмысқа  
дайынсыңдар.

Олай болса , ауыл бойынша  
жұмысымызды бастаймыз.



# Сабақты жүйелеу, қорытындылау кезеңі:

Ал, қыздар сендер көріп отырған жүндердің бәрін өз қолдарыңмен ұстап , көздеріңмен көріп жасадыңдар. Бұл қиын да қызық науқан болғанын білдіңдер. Енді сабақты қорытындылай келе мына кестені толтырамыз.

Білемін	Үйрендім	Білгім келеді

# Үйге тапсырма:

- Екі ауыл қыздарының орындаған сыйлықтық бұйымдарын алмастыра орындап келу.
- Жұмыс орнын жинау.